

6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Мажинов Бағдат Молдахметұлының «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» атты тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталып, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын. Аталған міндеттер барлық қоғам алдында, әсіресе білім беру жүйесіндегі ұйымдарға үлкен талаптар қойып отырғаны анық.

Даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек тұлғалардың білім алуы қазіргі білім беру жүйесінде ерекше орынға ие болып, Қазақстан Республикасының білім беру аймағындағы реформаларда ізгілікке бағыттталып отырғаны мәлім. Әлемде жалпы қабылданған беталыс ретінде даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек тұлғалардың дамуында ерекшелігі жоқ тұлғалармен бірлесе оқуымен тәрбиеленуі инклюзивті білім беру болып табылады. Ол өз алдына олардың сапалы білім алуын қамтамасыз ете отырып, әлеммен байланысында кедергілерді жоюға және тұтас қоғамға кіріктірілуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру тәжірибесі мектепке дейінгі және орта білім беру деңгейлерінде біршама жолға қойылса, ал жоғары білім беру сатысында бұл өзекті мәселе болып отырғаны барлығымызға мәлім. Ал Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және оны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін 2020 жылға қарай тең жағдай мен кедергісіз қолжетімділікті жасаған ЖОО-ның үлесі 100%-ды құрайды деп көрсетілгені мәлім. Осы орайда Мажинов Бағдат Молдахметұлының «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» атты диссертациялық зерттеуі өзекті.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Б.М. Мажиновтың диссертациясында теориялық тұжырымдары мен тәжірибелік нәтижелері философияның, психологияның және педагогиканың заманауи зерттеулерімен, жоғары оқу орындарында мүгедектерге білім

берудің алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибесімен, кешенді зерттеу әдістемесінің қолдануымен, математикалық-статистикалық әдістерімен расталған эксперименттік деректердің сандық және сапалық талдауымен көрсетілген.

Бірінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі – зерттеу мәселесіне орай іргелі және қолтаңбалы отандық, шетелдік философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерді зерделеу барысында алынғандығымен айқындалады. Оның шынайылығы зерттеушінің ғылыми әдебиеттерді жан-жақты талдау негізінде жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім беру үрдісі теориялық-әдіснамалық негізделіп, «инклюзивті білім беру» ұғымының мазмұнын, ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау арқылы дәлелденген.

Екінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі - Қазақстан Республикасындағы мүгедек студенттерді оқыту теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жағдайы талданып, мүгедек студенттердің өзекті сұраныстары мен жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісінде қолдау көрсету түрлері анықталған.

Үшінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі – жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделі әзірленіп, негізделген. Сонымен қатар, оның тиімділігін анықтайтын критерийлер белгіленген.

Төртінші нәтиженің шынайылық дәрежесі - құрылымының мәні вариативті және инвариантты элементтерден тұратын жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі әзірленіп, теориялық негізделген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы барысында Б.М. Мажинов келесі жаңа әрі дәйекті ғылыми нәтижелер алған:

- *бірінші нәтиже* - жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім беру үрдісі теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделіп, «инклюзивті білім беру» ұғымының мазмұны, ұйымдастыру ерекшеліктері анықталған;

- *екінші нәтиже* - Қазақстан Республикасындағы мүгедек студенттерді оқыту теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жағдайы жан-жақты талданып, мүгедек студенттердің өзекті сұраныстары мен жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісінде қолдау көрсету түрлері анықталған;

- *үшінші нәтиже* – жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделі әзірленіп, негізделген;

- *төртінші нәтиже* - құрылымының мәні вариативті және инвариантты элементтерден тұратын жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі әзірленіп, теориялық тұрғыда негізделген.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Диссертациялық зерттеу жұмысының орындалуындағы жүйелілік Бағдат Молдахметұлының жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің теориясы мен ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын жеткілікті игергендігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек тұлғаларға жоғары кәсіби білім беруді дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар зерттеу жұмысының материалдары жоғары оқу орындарында білім алушы мүгедек студенттерге ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдау көрсетудің өзекті бағыттарын анықтауға және инклюзивті білім беру жағдайында микро- және макро-ортаны бейімдеу ресурстарын айқындауға ықпал етеді.

Жоғары оқу орындарында даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі мен мүгедек студенттерді қолдау бойынша әзірленген әдістемелік материалдар Қазақстан Республикасының басқа да жоғары оқу орындарында табысты түрде қолданыс табатыны анық.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертациялық жұмыс тақырыбының мазмұны бойынша Б.М. Мажинов барлығы 13 ғылыми еңбек жариялаған. Оның ішінде 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасының деректер қорына енген шетелдік журналда, 2 мақала отандық және шет елдік ғылыми басылымдарда, 5 мақала халықаралық және 1 мақала республикалық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Мажинов Бағдат Молдахметұлының докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Докторант зерттеу жұмысында белгіленген мақсат пен міндеттерді толық шеше білген. Ғылыми жұмыс өзекті, теориялық тұрғыда толық негізделгендігімен, диссертациялық жұмыста келесідей кемшіліктер орын алған:

1. Зерттеу мәселесінің деңгейін отандық ғалымдардың еңбектерінің негізінде аша түсу керек еді.

2. Жұмыстың «1.1 «Инклюзивті білім беру» ұғымы: мәні, мазмұны және құрылымы» бөлімінде инклюзивті білім берудің қалыптасу тарихына тоқталса, жұмыстың теориялық маңыздылығы арта түсер еді.

3. Диссертацияның рәсімделуінде стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Аталған кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұнын, теориялық және тәжірибелік құндылығын төмендетпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Докторант Б.М. Мажиновтың 6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылымилығы мен көкейкестілігі күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс деп есептеймін.

Сонымен, қарастырылып отырған диссертациялық жұмыстың орындалу деңгейі, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы ҚР БЖҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, оның авторы Мажинов Бағдат Молдахметұлына 6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Рецензент:

Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының магистратура департаментінің директоры, психология ғылымдарының докторы, профессор Н.Б. Жиенбаева



Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар Академиясы
Казахская Академия труда и социальных отношений

Қол таңбаны растаймын
Подпись заверяю

Мамандармен жұмыс істеу бөлімі
Отдел по работе с персоналом



Подпись заверяю

Специалист ОК Жиенов А.А. Ж